# Ауданда халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

## *Күшін жойған*

Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 86 қаулысы. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 маусымда N 4-4-138 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 27 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010.02.22 N 27 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының 1.5 тармағын және облыстық әкімияттың 26 мамырдағы N 137 "Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысын орындау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н. Құрманғалиева) селолық округ әкімдерімен және жұмыс беруші шаруашылық субъектілерімен бірлесіп, осы мақсатта бөлінген қаражатты толық игеруді және халықтың нысаналы топтарына кіретін бөлігін жұмысқа орналастыруды ұйымдастырсын.

2. Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындары арқылы құрылатын кәсіпорын, мекемелер тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін (қосымша).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

ӘҮКЗ : ____________ БДЖШС ___________ АСАЖШС___________ ҚШКД ___________

ЗСТКД: ___________ АЗЖШС:___________ ҚЗШКД _____________

4. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі З. Сүйнешов*

Келісілді:

"Әдемі үй – Кірпіш зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры ____________________Қ.Қағазов 25.05.2009 ж

"Болат Д" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры директоры_________ Н.Қайреденов 25.05.2009 ж

"Забурын" су тазарту қондырғысының директоры __________ Қ.Құсайнов 25.05.2009ж.

"Аз Зикр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры _________ А.Жанесенов 25.05.2009ж.

"Аққыстау су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры _________________ А. Аманбаева 25.05.2009 ж.

"Құрасов" шаруа қожалығының директоры ____________Р.Құрасов 25.05.2009 ж.

"Қабдолқызы Зоя" шаруа қожалығының директоры ________________ Т.Ахтаев 25.05.2009 ж.

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 86 қаулысына қосымша

Жол картасын қаржыландыру лимитін жіктеу бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын құру арқылы жұмысқа орналастыру тізбесі

| р/с | Жұмыс берушілер аттары | Әлеуметтік жұмыс орны | |
|---|---|---|---|
| | | Адам саны | Қаржысы (мың тенге) |
| 1 | "Әдемі үй-Кірпіш зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) | 30 | 2700,0 |
| 2 | "Аққыстау су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) | 6 | 540,0 |
| 3 | "Қабдолқызы Зоя" шаруа қожалығы (келісім бойыша) | 5 | 450,0 |
| 4 | "Құрасов" шаруа қожалығы (келісім бойынша) | 4 | 360,0 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | "Забурын" су тазарту қондырғысы (келісім бойынша) | 5 | 450,0 |
| 6 | "Болат Д" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) | 10 | 450,0 |
| 7 | "Аз Зикр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) | 4 | 360,0 |
| | Барлығы: | 64 | 5310,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК